Дәріс 1.
Экскурсиялық жұмыстың әдісі мен практикасы пәнінің мақсаты мен міндеттері.



Дәріскер: т.ғ.к., доцент Қ.Б. Баудиярова



Дәрістің мақсаты

Студенттерді музей-педагогикалық процесс заңдылығымен, экскурсиялық істе жаңа технологияны қолданумен, келушілермен қазіргі коммуникацияның жаңа қырымен жұмыс жасауды таныстыру.

Шолу және тақырыптық экскурсияларды құрау тәсілін білу, музей құндылықтарына және тарихи-мәдени ескерткіштеріне қатысты мәселелерге өз ойын білдіруге үйрету.

Дәріс жоспары:

1. Экскурсиялық жұмыстың әдісі мен практикасы пәнінің мақсаты
2. Экскурсиялық жұмыстың әдісі мен практикасы пәнінің өзектілігі.
3. Терминология мәселелерінің ерекшеліктері.



Экскурсия жұмысы туралы жалпы мәлімет



Экскурсия сөзінің түпкі мәні латын тіліндегі «excursio»терминінен алынады, ол бүгін. Экскурсия – жеке тұлғаның уақытша болатын елдегі туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып көруі. Бір тәуліктен аспаса онда жасалынған сапар«экскурсия» деп аталады.

Экскурсияның даму жолы оның мәнінің өзгеруімен тікелей қабысады. Экскурсия жүргізуші тыңдармандарға сол нысан жайлы тарихи құбылыстардың барлығын әңгімелеп береді. Қысқаша қайырғанда, «экскурсия» деген адамдар тобына берілетін білім жиынтығы және оны жеткізу қызметінің белгілі бір жүйесі болып табылады.

Экскурсия мақсаты мен міндеттері. Авторы –Б.В.Емельянов.

№ р/н	Мақсаты	Міндеттері	Өткізу формалары
1	Демалыс	Дәрілік шөптерді, жеміс-жидектерді іздестіру	Серуен
2	Оқу	Оқу пәндері (ботаника, география, тарих) бойынша балалардың білімді игеруі	Сыныптан тыс бөлмедегі сабақ
3	Ғылыми	Өлкетану мұражайына жәдігерлер табу	Экспедиция
4	Жалпы білім беру	Жалпы мәдени ой-танымды кеңейту	Туристік сапарда әңгімелесу, транспорттық саяхаттағы жолдағы экскурсиялық ақпарат
5	Мәдени-ағартушылық	Тарих, сәулет өнері, әдебиет және басқа салалар бойынша білім деңгейін арттыру	Көп жоспарлы экскурсиялық шолу
6	Мәдени-тәрбиелік	Білімді тәрбиемен ұштастыра меңгеру	Тақырыптық экскурсия

Экскурсиялық істің зерттеу нысаны



1) Музей
2) Музей қызметі
3) Музейге келушілермен жүргізілетін жұмыстар
4) Экскурсиялық қызметтің барлық үдерістері



Экскурсиялық істің дамуы

Музейлер пайда болған соңғы ⅔ ғасырда дамыды

Әр бағыт музейтанудың даму көкжиектерін айқындады

Музейтану теориясы түрлі ғылыми ағымдар қалыптасты



Экскурсиялық іс: ғылым және оқу пәні

1.Ғылым ретінде
- **экскурсиялық қызметтің пайда болуы**
- **оның дамуы**
- **қызметті жетілдіру жолдары зерттеледі**

2.Оқу пәні ретінде
- **тарих бойынша жүйелі білім береді**
- **мектептерде және жоғары оқу орындарында оқытылады**

Пәнаралық байланыстар









Бақылау сұрақтары:

1. «Экскурсия» сөзінің түпкі мәні не?
2. Экскурсияның туындауына әсер еткен негізгіжағдайларды көрсетіңіз.
3. Экскурсия мақсаттарының дамуын айқындаңыз.
4. Экскурсияның дамуындағы мақсаты менміндеттерін жіктеңіз.
5.Экскурсияның оқу жүйесіндегі орнын бағалаңыз.
6. Экскурсияның әртүрлі аспектілерін көрсетіңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Савина Н.В., Горбылева З.М. Экскурсоведение:Учебное пособие. – Минск, 2004.
2. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебноепособие. –М., 2002.
3. Райымханова К.Н., Қатран Д. Музей ісініңтеориясы мен практикасы. –А., 2001
4. Дькова Р.А. Основы экскурсоведения. –М.:1985.– 255 с.
5. Основы музееведения. Отв. Ред. Э.А. ШулеповаМ., 2005
6. Музеи будущего: информационный менеджмент/сост А.В. Лебедов, М., 2001
?
7. Гнедовский М.Б. Современные тенденции развитии музейной коммуникации в капиталистических странах, теория и практика. М., 1986 вып.1